



*М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің ұжымына!*

**Құрметті университет ұжымы,
оқытушылар мен студенттер қауымы!**

**Сіздерді университеттің 80 жылдық мерейлі
мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!**

Өткен гасырдың бірінші ширегінде іргетесі қаланған білім ордасы осы жылдар ішінде тамырын тереңге жайып, еліміздің экономикасын ныгайту, отандық білім беру саласын дамыту бағытында қажымай еңбек етіп келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашақта бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында білім әрдайым бірінші орында тұруы қажеттігіне, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететіндігіне ерекше тоқталды. Өйткені, азаматтары білімді қогам ғана тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет бола алады. Елбасымыз айқындан берген осы мақсатты іске асыру жолында университеттің қосып отырған үлесі аз емес.

Осында ұлагатты іске шынағы берілген Сіздердегі кәсіби ұжымның еңбегі қашан да ерекше құрметке лайық.

Бүгінде білім мен гылымның орталығына айналған университет алдағы уақытта да отандық білім кеңістігіндегі бәсекеде жоғары орын алады деген сенімдемін.

Сіздерге жаңа шығармашылық табыстар, дарынды түлектеріңіз көп болып, сәттілік пен өркендеу тілеймін!

Игі тілекпен,

**Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі**

Б. Сагынтаев

Aстана, Үкімет Ўйі, 2017 жылғы қазан